
8 дәріс тақырыбы: Қорлар аудиті



1 “Қорлар” 2 ҚЕХС-на сәйкес

ҚОРЛАР - БҰЛ



2 Қорлар есебіннің міндеттері


босалқылардың кіріске уақытында және толық енгізілуін, сақталу орындарындағы жағдайын қадағалау

босалқылардың қозғалысы бойынша барлық операцияларды толық және уақытында құжаттау

көліктік-дайындау шығындары (КДШ) мен дайындалған құндылықтардың өзіндік құнын уақытында және толық анықтау

КДШ-ны өндірістің шығындарына жазудың біркелкі және дұрыс болуын бақылау

ішкі ресурстарды жұмылдыру мақсатында субъектіге қажет емес материалдық босалқы қорларды тауып сату



Материалдық құндылықтардың барлық түрлері 1300 бөлімшенің активті шоттарында жүргізіледі.

- ▶ 1310 "Шикізат пен материалдар" онда өндірістік процесте одан әрі пайдалануға арналған шикізаттар және материалдар есепке алынады;
 - ▶ 1320 "Дайын өнім", онда дайын және аяқталмаған өнім есепке алынады;
 - ▶ 1330 "Тауарлар" онда сатып алынған және қайта сатуға сақталған тауарлардың қозғалысына байланысты операциялар көрсетіледі;
 - ▶ 1340 «Аяқталмаған өндіріс», онда аяқталмаған өндіріс бойынша шығындар есепке алынады;
 - ▶ 1350 «өзге қорлар», онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қорлар есепке алынады;
 - ▶ 1360 «қорларды есептен шығару бойынша резерв», онда қорлардың құнын сатудың таза құнына дейін төмендетуге арналған резервтерді құруға және қозғалысына байланысты немесе моральдық жағынан ескертуге байланысты есепке алуға жататын қосылған құн салығының сомасын есепке алуға арналған.
-



Қорлардың синтетикалық есебі

Қорлардың келіп түсуі

Мазмұны	Шот корреспонденциясы	
	Дебет	кредит
Жабдықтаушылар мен жеткізушілерден келген материалдық есеп айырысу құжатының келгеніне қарамастан кіріске алынды.	1300 бөлімшесі	3310
Сатылып алынған материалдардың құны кассадан (қолма-қол ақшамен) төленді	1311-1315	1010
Есеп беруге тиісті тұлғалар арқылы сатылып алынған материалдық құндылықтардың құны	1311-1315	1250
Заңды тұлғалар мен жеке адамдардан өтеусіз (тегін) келіп түскен материал	1311-1315	6220
Негізгі құралды бұзғаннан, істен шығарғаннан алынған материалдық құндылықтар	1311-1315	6210
Жабдықтаушылар мен жеткізушілерден келген материалдық есеп айырысу құжатының келгеніне қарамастан кіріске алынды.	1300 бөлімшесі	3310
Кәсіпорындар мен ұйымдардың өз өндірісінде өндіріліп, дайындалып өз қажетіне пайдалануға арналған материалдарды кіріске алу	1311-1317	8110, 8310


Қорлардың есептен шығуы

Мазмұны	Шот корреспонденциясы	
	Дебет	кредит
Өндіріс пен шаруашылыққа пайдалану үшін жіберілген материалдар: - негізі өндіріске; - қосалқы өндіріске; - цехқа (үстеме шығын); - ұйымның әкімшілік шығындарына	8110 8310 8410 7210	1300 бөлім шоттары
Салынып жатқан (аяқталмаған) құрылысқа жіберу мақсатымен есептен шығарылған материалдар	2930	1311-1315,1317
Өндірістік ақауды жөндеу үшін есептен шығарылған материалдар	8110,8310	1311-1315
Түгендеу барысында бүлінген және жетпей қалған материалдарды есептен шығару	7210	1311-1315,1317
Басқа ұйымға әрі қарай жөндеуге берілген материалдар	1316	1311-1315,1317
Кәсіпорындар мен ұйымдардың жөндеуден алынған материалдарына	1311-1315,1317	1316

Қорлардың аналитикалық есебі

№	Типтік үлгінің №	Бастапқы бухгалтерлік құжаттардың атаулары
1	2	3
1	ТМҚ-1а	Сенімхат
2	ТМҚ-2	Берілген сенімхаттарды тіркеу журналы
3	ТМҚ-3	Кіріс ордері
4	ТМҚ-4	Тауарлық-материалдық қорларды қабылдау туралы акт
5	ТМҚ-4а	Тауарлық-материалдық қорларды дайындау, сақтау және өндіру үдерісінде жетіспеушілер мен жоғалтып алулар туралы акт
6	ТМҚ-4б	Тауарлық-материалдық қорлардың сынуы, бүлінуі, бұзылуы туралы акт
7	ТМҚ-5	Тауарлық-материалдық қорларды есепке алу карточкасы
8	ТМҚ-7	Қоймадағы тауарлық-материалдық қорлардың қалдығын есептеу ведомосы
9	ТМҚ-11	Ғимараттар мен құрылыстарды салу мен демонтаждауда алынған тауарлық-материалдық қорларды кірістеу акті
10	ТІЗ-3	Тауарлық-материалдық қорлардың түгендеме тізімдемесі
11	ТІЗ-4	Шығарылған тауарларды түгендеу акті
12	ТІЗ-5	Жауапкершілікпен сақтауға алынған (берілген) тауарлық-материалдық қорлардың түгендеме тізімдемесі
13	ТІЗ-6	Жолдағы тауарлық-материалдық қорлардың түгендеме тізімдемесі
14	ТІЗ-12	Тауарлық-материалдық қорларды түгендеу нәтижелерін салыстыру ведомосы

Қорлар есебін ұйымдастыру



Қорларды бағалау әдістері

- ▶ Жалпы, ТМҚ есебі №2 «Қорлар» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес жүргізіледі. Қорлардың құнын анықтау барысында олардың бағасын дұрыс белгілеу маңызды болып табылады. Есепті кезең ішінде материалдардың көптеген түрлерінң бағалары өзгеріп тұрады. Материалдың бір түрі, мысалы, бір ай ішінде әр түрлі бағамен келіп түсуі мүмкін. Сонымен бірге, материалдардың бір түрін сатып өткізгенде, оның қандай ретпен және бағамен сатылғандығын анықтау мүмкін емес. Сондықтан, материалдар құнының болжамды қозғалысын аталмыш стандарттарға сәйкес келесі әдістермен бағалау ұсынылады:
 - ▶ арнайы сәйкестік тәсілі;
 - ▶ орташа өлшенген құндық тәсіл;
 - ▶ бірінші тауарлар бағасы арқылы қорларды бағалау тәсілі.
-



Қорларды бағалау әдістері

Сәйкестіктің арнайы тәсілі

- Ол көбінесе арнайы тапсырыстар мен жобалар үшін ауысымды және жасамды болып келмейді. Бұл тәсіл партия арқылы қорлар есебін құрастыру мүмкін болғанда қолданылады.

Орташа есептелген құн тәсіл.

- Осы тәсіл барысында материалдық қорлар құны - ай басындағы бар қордың орташа құны және осы айда түскен ТМҚ құны.

FIFO тәсілі

- бірінші түскен тауар бағасы бойынша қорларды бағалау тәсілі. Бұл тәсіл болжаумен негізделген, алдымен қорлардың фактілік өз құны шығындалған материалдарға енгізілуі тиіс. Ай аяғында қордың өз құны ақырғы жеткізілген тауарға сәйкес келеді, ал олардың сатылғандары бұрын жеткізілгендерге жатады.



Қорларды бағалау тәсілдерін қолдану мысалы


Кәсіпорынға материалдар түсімі

Қорлар құнын бағалау әдістерін салыстыру

Рет №	Түскен күні	Бағасы, тг	Саны, кг	Сомасы, тг
1	01.01.2019	14 31,8	650	930 670
2	8.02.2019 г.	14 31,8	1000	1 431 800
3	25.03.2019 г.	14 22,4	1800	2 560 320
4	18.04.2019г.	14 48,4	4000	5 793 600
5	07.05.2019 г.	16 48,2	1200	1 977 840
6	15.06.2019 г.	16 48,2	2500	4 120 500
7	05.08.2019 г.	17 37,1	1300	2 258 230
Итого			12450	19 072 960

Рет №	Көрсеткіш	ФИФО әдісі	Орташа алынған құны әдісі
1	Өткізуден түскен түсім, мың.тг	1 931 660	1 931 660
2	Жұмсалуға дайын қорлардың өзіндік құны	19072,960	19 072,960
3	Кезең соңындағы қорлардың құны	868550,0	765 982,5
4	Жұмсалған қорлардың өзіндік құны	18 204 41,0	1830698,175
5	Жалпы пайда	1913455,590	1913353,018

Қорлардың өзіндік құны бойынша бағалау әдістерінің салыстыруы



Қорлардың аудиті

- ▶ Тауарлы-материалдық қорларға (ТМҚ) сатып алу циклінің функционалды аудитін қаржылық есеп берудің мәліметтерін және белгілі бір кезең ішіндегі олардың қозғалысы туралы алғашқы құжаттарды қарастырудан басталады. Бастапқы есепті ұйымдастыруда қабылдауды, құжатта ресімдеуді, тиеу-тасу жұмыстарын, материалдық ресурстардың қозғалысын, сақталуын және ұтымды қолданылуын бақылау мен орналастыруды тікелей жүзеге асыратын қойма шаруашылығы қызметкерлері маңызды рөл атқарады.
- ▶ Шаруашылық жүргізуші субъектілерді сатып алу, өндіріс және дайын өнімді өткізу циклдерінің функционалды аудитінің маңызды кезеңдері мыналар:
 - ▶ - материалдық ресурстармен жабдықтауды ұйымдастыру жағдайын тексеру;
 - ▶ - қалыптасқан тауарлық-материалдық қорларды басқару жүйесін талдау;
 - ▶ - қорлардың жағдайын және олардың қолданылу деңгейін бағалау;
 - ▶ - қойма шаруашылығын ұйымдастырудың жағдайын тексеру;
 - ▶ - тауарлық-материалдық қорлармен жасалатын операцияларды есепте көрсетудің дұрыстығын тексеру;
 - ▶ - қорларды түгендеудің жүйелілігі мен дұрыстығын зерттеу;
 - ▶ - тауарлық-материалдық құндылықтарды қолдануды ішкі бақылау жағдайын бағалау;
- ▶ - жабдықтау-дайындау іс-қызметі есебін, басқаруды және талдауды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Қорлардың аудит бағдарламасы

Аудит процедуралары	Ақпарат көздері мен бағалау критерийлері
1 Материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды талдау	Жылдық, токсандық және ағымдағы есеп, сонымен қатар жедел мәліметтер
2 Бастапқы есепті, бухгалтерлік регистрді және қорлардың қозғалысы туралы есеп беру жағдайын тексеру	қойма есебі карточкалары, кірістік ордерлер, материалды қабылдау туралы актілер, кем шығу, ТМҚ жоғалту туралы және т.с.с. актілер
3 ТМҚ синтетикалық және аналитикалық есебінің дұрыстығын тексеру	Бас кітап, 6,7,10 журнал-ордерлер есеп регистрлері, шоттардың үлгі жоспары
4 Баланстағы ТМҚ бағалаудың дұрыстығын тексеру	, материалдық құндылықтарды түгендеу актілері
5 ТМҚ бар болуы мен сақталуын, оларды түгендеуді жүргізудің уақтылығы мен дұрыстығын талдау	Материалдарға жауапты адамдар мен шарттар, бастапқы құжаттар, қоймалық есеп карточкалары, түгендеу актілері
6 Қойма шаруашылығын ұйымдастырудың дұрыстығын зерттеу	Техникалық құжаттама, қойма шаруашылығын ұйымдастырудың стандарттары мен нормативтері
7 Қойма есебін, ТМҚ қозғалысы бойынша бастапқы құжаттарды ресімдеудің дұрыстығын тексеру	Бастапқы құжаттар, қойма есебінің карточкалары, материалдардың қозғалыс есебі бойынша тізімдеме (ведомость)
8 Кәсіпорынның өндірістік қорлармен соңғы есеп беру күндерінің қамтамасыз етілуін бағалау	Стандарттар, нормалар мен нормативтер, техникалық шарттар, есеп айырысу, бастапқы және құрама құжаттар
9 Түскен материалдарды кіріске алудың толықтығы мен ұзақтылығын тексеру	Бастапқы құжаттар (қабылдау, коммерциялық актілер, жүкқұжаттар, төлем тапсырмалары), шот-фактуралар, кірістік ордерлер және т.с.с.
10 Өніммен жабдықтау, жұмыс пен қызметті орындау жөніндегі шарттардың сақталуын бақылау (қадағалау)	Қойма есебінің карточкалары, материалдар есебі тізімдемесі (ведомосі), 6 журнал-ордер, Бас кітап, шарттар, нарядтар, сертификаттар, шот-фактуралар және т.с.с.
11 ТМҚ-ны өндіріске босату жөніндегі операциялардың негізділігі мен оларды шоттарда көрсетудің дұрыстығын талдау	Бастапқы құжаттар (лимиттік-заборлық (алу) карталары, талаптар, жүкқұжаттар), материалдар қозғалысы есебі бойынша тізімдеме (ведомость) 10 журнал-ордер, Бас кітап
12 ТМҚ бағалау тәсілдерін таңдаудың дұрыстығын анықтау	Есеп саясаты жөніндегі материалдардың қозғалыс есебі бойынша тізімдеме (ведомость), 6,10 журнал-ордерлер
13 Қорлардың қозғалысын ішкі бақылау жағдайын тексеру	Ішкі тәртіп, қызметтік нұсқаулар
14 Басқа жақтағы тысқары ұйымдарға ТМҚ өткізу мен қайта өңдеуге беруге байланысты операциялар бойынша	Шарттар, калькуляциялар, сенімхаттар, тауарлық-көліктік жүкқұжаттар, қабылдау туралы акт. Кірістік ордерлер және т.б. Шоттардың үлгілік

Бақылау сұрақтары

- ▶ 2 ҚЕХС «Қорлар» сипаттамасы
- ▶ Қорлардың жіктелуі
- ▶ Материалдардың түсуін құжаттау және оның тәртібі
- ▶ Қорлар қозғалысын құжаттау
- ▶ Қорларды бағалау әдістері
- ▶ Қорларды түгендеу
- ▶ Қорларды тексеру процедуралары



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

